



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

ҮКІМЕТКЕ БОСАҢСУҒА БОЛМАЙДЫ



Мемлекет басшысының төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті. Онда еліміздің бүгінгі ахуалы, орын алған мәселелерді шешудің жолдары таразы басына салынды.

«Күрделі геосаяси сын-қатерге қарамастан, еліміз бір қалыпты дамып келеді. Мұны жартыжылдық нәтижеден көріп отырмыз. Экономика 3,4 пайызға, ал нақты сектор 4,1 пайызға өсті. Әсіресе, өңдеу өнеркәсібі саласында айтарлықтай ілгерілеу бар. Дегенмен, инфляция да бір орында тұрған жоқ. Қазір бұл көрсеткіш 14,5 пайызға жетіп, 2015 жылғы деңгейден асып түсті.

Бірінші жартыжылдықта экономикамыз қалпына келді. Бірақ халықаралық институттар Қазақстанның ішкі жалпы өнімі биыл 2 пайызға ғана өседі деп болжап отыр. Бұған дейін олар өсім 3,7 пайыз болатынын айтқан еді. Сондықтан, Үкімет ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге тиіс. Ең бастысы, азаматтардың нақты табысын арттыру қажет», – деген Қ.Тоқаев негізгі мәселелерді көрсетті. Президенттің отырыста сөйлеген сөзін ықшамдап ұсынып отырмыз.

Азық-түлік 80 пайызға қымбаттады

Қазір инфляцияның шарықтап кетуі ең күрделі мәселе болып отыр. Бағаның өсуіне азық-түлік инфляциясы әсер етті. Оның деңгейі 19,2 пайызға жетті. Жалпы, азық-түлік бірден 80 пайызға қымбаттады. Үкіметтің бағаны тұрақтандыруға бағытталған шаралары тиімсіз болып шықты. Үкімет инфляцияны ескі әдіс-тәсілмен тоқтатқысы келеді. Оның өзінде бюджеттен қосымша қаражат бөліп, бағаны жасанды түрде ғана реттеп отыр. Яғни, қымбатшылықтың себебімен емес, салдарымен күрес жүріп жатыр. Ал, шын мәнінде, керісінше болуы керек. Үкімет бар жауапкершілікті өңірлерге артып қойды. Олар әкімшілік ресурсты пайдаланып, дүкендерді аралап жүр, басқа тәсілдер және жаңа идеялар жоқ. Мұндай жұмыс ешқашан тиімді болған емес. Бір сөзбен айтқанда, нарық заңдылығына сай келетін жаңа ұстаным жоқ. Соған орай, Үкімет қазан айына дейін бұл бағытта не жасалғаны жөнінде есеп беріп, мәселені түбегейлі шешуі керек.

(Соңы 3-бетте)

САРАП

ЗАҢНЫҢ КҮШІ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНДА

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шілденің алғашқы жартысында 11 заңға қол қойды. Олар кейбір заңнамалық актілер мен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс пен Салық кодексіне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға қатысты болды. Білтыр шілде айында тек 3 заң ғана қабылданған болатын. Олар да қолданыстағы заңнамаға енгізілетін өз-

Мемлекет басшысы биыл маусым айында 7 заңға қол қойған. Оның үшеуі қолданыстағы заңнамаға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға, ал қалғаны үкіметаралық келісімдерді ратификациялауға байланысты болды. Ал мамырда мақұлдаған 7 заңның бесеуі өзгерістер мен толықтыруларға бағытталса, біреуі Қазақстан Үкіметі мен Түркі академиясы арасындағы Түркі академиясын орналастырудың шарттары мен тәртібі туралы келісімді ратификациялауға байланысты болды. Онда тек «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» заң ғана алғаш рет қабылдануымен есте қалған болатын.

Электронды үкімет порталындағы республикадағы заң шығарушы билікке қатысты мәліметке қарағанда, 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Конституциясына сәйкес, Қазақстан Республикасының қос палаталы Парламенті заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді орга-

ны болып табылады. Егер заң шығару – мемлекет қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылатынын ескерсек, заңның күші ең алдымен оның тұрақтылығында екені көзі ашық адамға бесенеден белгілі жайт.

Өкінішке қарай, бізде әрбір заң қабылданған сайын жыл өтпей жатып оған жаңадан өзгерістер пен толықтырулар енгізу қажеттілігі сөз болып, жаңадан заң жобасын жасаушылар көбейеді. Егер Қазақстан Республикасының құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, қабылдау, тіркеу, қолданысқа енгізу, өзгерту, толықтыру, олардың қолданысын тоқтату, тоқтата тұру және оларды жариялау тәртібіне байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін 2016 жылы 6 сәуірде қабылданған «Құқықтық актілер туралы» заңға көз жүгіртер болсақ, көңілдегі көп сұраққа жауап табу қиын емес.

Онда 1-бапта негізгі ұғымдардың анықтамасы көрсетілген. Мәселен, заң – аса маңызды

қоғамдық қатынастарды реттейтін, Конституцияда көзделген негізге алынатын қағидаттар мен нормаларды белгілейтін нормативтік-құқықтық акт. Заң жобасының тұжырымдамасы – заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомстволарлық комиссия мақұлдаған, Үкімет бастамасы бойынша заң жобасын әзірлеу қажеттігінің негіздемесін, оны қабылдау мақсаттарын және Үкімет айқындайтын өзге де ережелерді қамтитын құжат. Ал заң сараптамасы – нормативтік құқықтық актінің жобасын не қабылданған нормативтік құқықтық актінің Конституцияға және Қазақстан заңнамасына, заң техникасына сәйкестігі тұрғысынан тексеру. Сондай-ақ ғылыми-құқықтық сараптамаға ғылыми құқықтық сараптама объектілерін олардың сапасын, негізділігін, жобаның ғылыми пысықталуын бағалау, оны қабылдаудың ықтимал жағымызсыз әлеуметтік және құқықтық салдарларын айқындау, ұсынылатын нормалардың құқық жүйесі мен заңнама жүйесіне сәйкестігі бөлігінде тәуелсіз кәсіби сараптамалық талдау деп түсінік берілген.

(Соңы 6-бетте)

СҮЙНІШ!

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС, республикалық «Заң газеті» басылымының мұрындық болуымен өтетін Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауы биыл да жалғасын табады. Бесінші рет ұйымдастырылып отырған додаға Қызылорда облысының әкімдігі қолдау көрсетпек. Бұйырса биылғы жүлдегерлерді қазан айының соңына қарай қасиетті Сыр елінде марапаттаймыз.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТЫ:

- Детектив жанрының атасы Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандыру;
- детектив шығармалар жазуға деген көпшіліктің ынтасын ояту;
- шытырман шығармаға қызығушылықты арттыру;
- осы жанрдың көмегімен құқық қорғау, сот, адвокаттық салада еңбек етіп жүрген мамандардың еңбегін дәріптеу.

БАЙҚАУҒА КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Соңғы үш жылда осы байқауға қатысып, бас жүлде мен бірінші орын алған адамдар байқауға қатыстырылмайды. Басқа үміткерлердің бақ сынауына толық мүмкіндігі бар. Үміткерлер шығармасын zangazet@mail.ru эл.поштасына немесе Алматы қаласы, Досмұхамедов көшесі 68Б мекенжайына «Байқауға!» деген белгімен жолдай алады. Байқауға жіберілген материал көлемі А4 форматында 14-шрифтпен жазылғанда 10 беттен аспауы керек. Шығармалар осы жылғы 30 қыркүйекке дейін қабылданады. Белгіленген мерзімнен кешігіп келген еңбектер байқауға қатыстырылмайды. Материалдар «Заң газетінде» және zanmedia.kz сайтында жарияланып тұрады. Сондай-ақ, детектив жанрының талаптарына сай келмейтін шығармалар қазылар назарына ұсынылмайды.

ЖҮЛДЕ ҚОРЫ ҚАНДАЙ?

Байқаудың бас жүлдесі – біреу, 1-орын – біреу, 2-орын – екеу, 3-орын – үшеу және бес ынталандыру сыйлығы қарастырылып отыр.

Биылғы жылдың бір ерекшелігі – оқырманның дауысына (дауыс онлайн жағдайда беріледі) ең көп ие болған үміткерге бірінші орынға тең дәрежеде жүлде тағайындалады. Сонымен бірге, жазуға қабілеті бар студент жастарды, жоғары сынып оқушыларын ынталандыру мақсатында да арнайы жүлде белгіленіп отыр.

Ал, құрметті оқырман!
БАЙҚАУҒА ҚАТЫСЫП, БАҚ СЫНАҢЫЗ!
ІСКЕ СӨТ!



СӨТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Шолпан БАСТАУБАЕВА,
Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Басқарма төрағасы:

ҚАНТ ТАПШЫЛЫҒЫ – ЖҮЙЕСІЗ ЖҰМЫС КЕСІРІ

Қазақстанда қант қызылшасы қант өндірілетін шикізаттың бірден-бір көзі болып табылады. Әлемде жер көлемі жағынан 9-орын алатын ел қант қызылшасымен өзге тұрмақ, өзін-өзі қамтамасыз ете алмауын түсіне алмай, кінәліні айналасынан іздеп әлек. Үкімет бұл дақылды өсіруге жеткілікті деңгейде субсидия бөлінетінін, өндірілген өнімді өңдейтін өндіріс орындарының да қуаты жеткілікті екенін айтып, мәселе фермерлердің өзінде дегенді айтады. Сондықтан біз бұл мәселенің жай-жапсарын білу үшін Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Басқарма төрағасы, ҚР Ауыл шаруашылығы ғылымдар академиясының академигі Шолпан Бастаубаеваны әңгімеге тартқан едік.



(Соңы 5-бетте)

ТҰҒЫР

2016 жылғы 15 шілде күні кешке «Фетуллахшы террор ұйымы» (ФЕТО) елімнің халқы мен үкіметіне қарсы қанды төңкеріс әрекетін бастады. Олардың мақсаты – өздерінің басшысы Фетуллах Гүленге ғана адал, радикалды әрі фундаменталистік режим орнату болды.

ФЕТО-ға қатысы бар армия бөлімдері Ыстамбұлдағы Босфор көпірі сияқты маңызды жерлерді басып алу үшін қазармаларын тастап кетті, соғыс ұшағы мен шабуылдау тікұшақтары Парламент ғимараты, Президент резиденциясы, армия және полиция штабтары сияқты стратегиялық нысандарды бомбалады; мыңдаған бейбіт тұрғын бұрын-соңды болмаған сұмдық төңкеріс әрекетін тоқтату үшін көшелерге шықты. Қастандық жасаушылар 251 жазықсыз бейбіт тұрғынды өлтіріп, мыңдаған адамды жаралады. Сол түні түрік халқы демократияны өз өмірін бәйгеге тігу арқылы қорғап қалды. Қастандық ұйымдастырушылар мұндай батыл жауап күтпеген еді.

Жағдайдың қалай болғанын түсіну үшін ФЕТО-ның шынайы болмысын ұғыну қажет. ФЕТО 1960 жылдардың соңында «діни қозғалыс» деп аталатын ұйым ретінде құрылды. Білім беру мен дінаралық диалогты дамытамыз деген ат жамылып, өздерінің қара ниетін жасырып келді. ФЕТО мүшелері мен ұйым қатарына алынғандардың армияға, құқық қорғау органдарына, сот жүйесіне және көптеген мемлекеттік мекемеге,



Мевлют ЧАВУШОГЛУ
Түркия Республикасының Сыртқы істер министрі

соның ішінде менің министрлігіме жан-жақты жоспарланған және кең тараған деңгейде ену процесі ондаған жылдар бойы жасырын түрде жүзеге асырылып, оның соңғы фазасы 2016 жылғы 15 шілде күні іске асты.

«ТЕРРОРИЗМНІҢ ҰЛТЫ ДА, ЭТНИКАЛЫҚ ТҮРІ ДЕ, ДІНІ ДЕ ЖОҚ»

Төңкеріс әрекеті сәтті болғанда, бүгінгі Түркия мүлдем басқаша болар еді. Демократия болмас еді әрі негізгі құқықтар мен бостандықтар белгісіз мерзімге тоқтатылатын еді. Халық экстремистік үкіметтің қолында қалар еді.

ФЕТО оқу орындарының маңызды бөлігін бақылаумен қатар, көптеген қаржы институттарына да иелік етті. Олардың банк шоттарын өнеркәсіп пен саудадағы белгілі ФЕТО мүшелері, сондай-ақ шенеуніктер мен қоғам қайраткерлері толықтырып отырды. Көптеген бейкүнә азаматтардың діни көзқарасы манипуляцияланып, олар ФЕТО-ның қаржысына үлес қосуға мәжбүр болды. Дүниежүзіндегі мектептерінен алынған орасан зор табыс түпкілікті қолдану мақсаты үшін жасырын түрде осы шоттарға жіберіліп отырды.

2016 жылғы 15 шілдедегі қанды төңкеріс әрекетінен кейін мемлекеттік секторды, оның ішінде мемлекеттік мекемелер мен әскерилерді, сонымен қатар жеке секторды ФЕТО-ға қатысы бар барлық тұлғалар мен компаниялардан табанды тазарту процесі басталды. Қастандық жасаушылар ішінде бірқатар танымал есім ұсталды. Бірқатары әділдіктен қашып, шет елдерден пана

тапты. ФЕТО террор ұйымының басшысы Фетуллах Гүлен әлі күнге дейін АҚШ-та тұрады. Үкіметіміз жылдар бойы АҚШ-тан Гүленнің, ал Еуропа елдерінен ФЕТО мүшелерінің Түркияға экстрадициясын талап етіп келеді. Өкінішке қарай, бұл өтініштер әлі орындалған жоқ. Дегенмен, әлемнің басқа жерлерінде бұл лаңкестік ұйымның өздеріне де қауіп төндіретінін түсініп, қажетті шараларды қабылдап жатқан үкіметтер саны артып келеді. ФЕТО виза алаяқтығы, ақшаны жылы-стату және қару-жарақ саудасы сияқты заңсыз әрекеттермен де айналысады. Сондықтан, көптеген елдерде ФЕТО мүшелері мемлекеттік және жеке секторлардан тазартылуда. Шетелде осы лаңкестік ұйыммен байланысы бар көптеген мектептер 2016 жылдан кейін Түркияның «Маариф» қорына берілді. Бүгінде «Маариф» мектептері көптеген елдерде жұмыс істейді және дүние жүзінде тамаша білім беруде.

Түркияның ФЕТО-ға қарсы күресінің сипаты мен ауқымы – шенеуніктері мен бейбіт тұрғындарын террорға ұшыратқан, демократиялық құндылықтарға, негізгі құқық мен бостандықтарға қауіп төндіретін ұйымдарға қарсы басқа ел-

дердің жүргізген күресінен еш айырмашылығы жоқ. Түркия лаңкестікпен күресуде бірқатар елдердің бұрын істегенін қайталап жатыр. Барлық процедуралар заңға сәйкес жүргізілуде.

Терроризмнің ұлты да, этникалық түрі, діні де жоқ. Бұл бүкіл адамзатқа қауіп төндіреді. Сондықтан, бұл қауіпке қарсы әрекет біріккен және табанды болуы керек. Ешбір мемлекеттің лаңкестерді бөліп-жаруға құқығы жоқ және ешбір террористік ұйымды белгілі мүдделерге сай «пайдалы» деп есептеуге болмайды. ФЕТО жүздеген адамның өліміне, сондай-ақ түрік халқына қарсы жасалған басқа да ауыр қылмыстар үшін жауапты. 2016 жылдың 15 шілдесінен кейін алты жыл өткен соң Түркия ФЕТО-ға, сондай-ақ РКК («Күрдістан жұмысшы партиясы»), РҮД-ҮРГ («Демократиялық одақ партиясы») – «Халық қорғаныс бөлімшелері»), ДНҚР-С («Революциялық ұлт-азаттық майдан-партиясы») және ДАИШ сияқты басқа террористік ұйымдарға қарсы табанды күресін жалғастырып келеді.

Терроризммен күресте халықаралық қоғамдастықтан Түркиямен ынтымақтас болуын күтеміз.

АЛТЫН КӨПІР

СУДЬЯЛАРДЫҢ КӘСІБИ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН СТАНДАРТТАРЫ



ҚР Судьялар одағының төрағасы С.Абдолла американдық заңгерлер қауымдастығының «Құқық үстемдігінің бастамасы» бағдарламасының менеджері Джаред Беллмен кездесті. Ол Сот этикасы

кодексінің жобасын дайындауға сарапшы ретінде қатысу бағдарламасы аясында әрі қарай ынтымақтастық перспективаларын талқылау үшін Вашингтоннан арнайы келді.

Жаңа кодекс бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс және екі жылдың көлемінде ұйымдастырылған бірлескен іс-шаралар туралы айтқан Судьялар одағының төрағасы американдық әріптестеріне сот реформасын дамытуға, судьялардың этика қағидаларын қабылдауға ықпал ететін жобаларды жүзеге асыруға қолдау көрсеткені үшін алғысын білдірді. Атап айтқанда, американдық заңгерлер қауымдастығымен ынтымақтастықтың нәтижесі ретінде 2021-2022 жылдары Судьялар одағы филиалдары төрағаларының, отставкадағы судьялардың қатысуымен Судья әдебі кодексін жетілдіру бойынша бірқатар семинар өткізілді.

Екі іс-шарада сөз сөйлеген Солтүстік Каролина (АҚШ) Сот стандарттары жөніндегі комиссияның атқарушы директоры Кэролин Дубай ханым, сондай-ақ Нидерланд Судья әдебі кодексі авторларының бірі, отставкадағы облыстық соттың судьясы (Нидерланды) Мартин Стиинбик мырза сияқты халықаралық сарапшылар өз ұсынысын білдірді.

Осы екі жыл ішінде Судьялар одағы Судья әдебі жөніндегі жаңа кодекснің жобасын, кодекске түсініктеме, Судьялар одағы филиалының Судья әдебі жөніндегі комиссиясы туралы ережені әзірледі. Бұл құжаттардың барлығы халықаралық нормаларға сәйкес келеді және сот билігінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Кездесу барысында С.Абдолла сот жүйесіндегі кез келген өзгерістің басты мақсаты әрбір жеке судьяның тәуелсіздігін қамтамасыз ету болып табылатынын атап өтті.

– Судьялардың күнделікті кәсіби қызметіндегі әділдігі мен объективтілігі – бұл судьялардың жеке жауапкершілігі ғана емес, сондай-ақ сот жүйесіне деген қоғамдық сенім мәселесі, – деп атап өтті Судьялар одағының төрағасы.

Белл мырза судьялардың қоғамдық қатынастардағы, жұмыстан тыс және жеке өмірдегі мінез-құлқын реттейтін жаңа кодекснің негізгі ережелері туралы пікірін білдіріп, кәсіби мінез-құлық қағидаларын елдің судьялар қауымдастығын білдіретін орган әзірлейтінін оң фактор ретінде атап өтті. Өзін-өзі реттеудің бұл маңызды тетігін Судьялар одағы сарапшылармен, судьялар корпусымен бірлесіп, консультациялар арқылы судьялардың кәсіби мінез-құлық ережелеріне қатысты әртүрлі пікірлер мен ұсыныстарды ескеру үшін әзірлейді.

Ақкүн МҰҚАНОВА,
ҚР Судьялар одағы Орталық кеңес аппаратының аға сарапшысы



ОҢ ҚАДАМ

РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАЙТАДАН МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕ ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛАДЫ

Ұлытау өңірінде өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 25 қазан – Республика күні мерекесі қайтарылатынын мәлімдеген болатын. Президент өз сөзінде: «Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек», – деді.

Республика күнінің тарихы тереңде жатыр, себебі қазақ елінің егемендігі туралы декларация Қазақстанды өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде тануға негіз болды. 1990 жылы қазан айының 25-і күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қаз КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданып, жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді. «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Жоғары Советі қаулы етеді: Қазақ Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданып, Қазақ КСР Жоғарғы Советінің Председателі Е.Асанбаев. Алматы, 1990 жылғы 25 қазан», – делінген қаулының көшірмесі ҚР Президентінің Архиві қорында сақтаулы тұр. .

Сонымен қатар декларацияда «Қазір-



Жарлығында 25 қазан ұлттық мереке деп көрсетілген. Кейін 2001 жылы 13 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» №267 заңында ұлттық мереке 16-17 желтоқсан Тәуелсіздік күні деп жазылған. Ал 25 қазан – Республика күнін

мемлекеттік мерекелер қатарына қосқан. Аталмыш заң ҚР Президенті Архиві қорында сақтаулы.

Заңның 1-бабында: «Мемлекеттік мерекелер – қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаларға арналған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары дәстүрлі түрде атап өтетін мерекелер. Мемлекеттік мерекелерді мейрамдау кезінде ресми іс-шаралар өткізілуі мүмкін» делінген. Осы заңның 3-бабында 25 қазан – Республика күні мемлекеттік мереке санатына қосылғаны жазылған. Ал 2009 жылғы сәуірдегі «Мерекелер туралы» Қазақстанның жаңа заңына Республика күні енген жоқ. Дегенмен бұл тарихи мереке қайтадан жанданады. Себебі ел егемендігін насихаттау, тарихты түгендеу ешқашан кеш емес.

Дайана ТОҚБЕРГЕНОВА,
ҚР Президенті Архивінің қоғаммен байланыс маманы

КИЕ

АНА ТІЛІ – АР ӨЛШЕМІ



Ғ.АРТЫҚҚЫЗЫ,
Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының кеңсе меңгерушісі

Менің ана тілім – шексіз бай, шұрайлы, тегеуріні мықты тіл. Өйткені

өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіме басты себепкер – сол ана тілім! Мынау жарық дүниеге келгеннен бастап, ананың әлдиімен бойыма сіңіріп келе жатқан тілім мен үшін ең қастерлі, ең қымбат тіл. Әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның тазалығын сақтауға тиіс. Амал не, туған тілімізді шұбарлап, басқа тілдің сөздерімен араластырып сөйлейтіндерді жиі көремін. Тіпті, туған тілінен безетін сорақылырды, менсінбеушілікпен қарап, қазақша сөйлеуге ұялатындарды көргенде, белгілі орыс жазушысы К.Паутовскийдің «Туған тіліне жаны ашымаған адам – жәндік» деген сөзі ойыма еріксіз оралады.

Ана тілі – ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау. Ең жақсы адам – ана тілін құрмет-

теген адам. Бұл сенің басқа тілді меңгеруіңе бөгет болмайды, қайта сені адамгершілікке, шын патриот болуға жетелейді. Ана тілдің терең пірімдеріне бойлай білу – саналы адам болғысы келетін жас адамның бірінші парызы. Ол – туған жеріңді, еліңді, сүйікті Отаныңды сүйе білу деген сөз. Ақиық ақын М.Мақатаев «Отан» атты өлеңінде:

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем.
Мен оның құдіретті үнін сүйем, – деп отанды сүюдің, ана тілін сүюдің құдіретті биік сезім екендігін білдіреді.

Менің елім – Қазақстан. Біздің елде қанша ұлттың баласы бір анадан туғандай тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Қазақстанда ұлттар арасында татулық пен бірлік, ынтымақтастық пен достық орнағаны – бәріміз үшін мақтаныш.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

ҮКІМЕТКЕ БОСАҢСУҒА БОЛМАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Фермерлерге қолдау көрсету тәсілдерін әзірлеу керек

Ауыл шаруашылығы министрлігі алдын ала сатып алу тәсілдерін кеңірек қолдана бастады. Биылғы шілдеге дейін әлеуметтік маңызы бар 47 мың тонна азық-түлікке қатысты осындай шарттар жасалды. Дегенмен, мұндай көлемдегі тауар ішкі нарыққа айтарлықтай ықпал етпейтіні анық. Өнімді ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден алдын ала тікелей сатып алу жолын айқындау қажет. Мұнымен құзырлы министрліктер айналысуға тиіс. Ауыл шаруашылығы министрлігі осы тәсілді жетілдіру үшін тиісті қауымдастықтарды және нарық субъектілерін жұмылдыруға тиіс.

Тағы бір өзекті мәселе – өнімді сату. Өкінішке қарай, еліміздегі өнімнің бәрі бірдей дүкен сөресінен табыла бермейді. Импортпен қатар, ішкі кедергілер де бар. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің мәселелері де аз емес. Олар тауардың үздіксіз жеткізілуін, өнім сапасының тұрақты болуын қамтамасыз ете алмайды. Мұның бәрін біртіндеп ретке келтірген жөн. Сондықтан, фермерлерге қолдау көрсету тәсілдерін бірлесе әзірлеуді тапсырамын. Керек болса, «Атамекен» палатасын осы жұмысқа тарту керек. Шаруа қожалықтарына ірі сауда желілерімен тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік берілуі керек. Мұндай мүмкіндік олардың жұмысын жандандырып, салаға инвестиция тартуға жол ашады. Отандық тауардың сауда орындарына кедергісіз шығарылуын қамтамасыз ету өте маңызды мәселе. Сондай-ақ, өнімге қосылатын бағаны нақты белгілеп, арада жүрген саудагерлер санын азайту қажет.

Халықтың табысы төмен

Биыл мамыр айында азаматтардың нақты табысының көрсеткіші минус 2,9 пайыз болды. Мұндай құлдырау көптен бері болған емес.

Халықтың табысын арттыру бағдарламасы қабылданды. Бірақ, оның жұртқа тигізіп жатқан пайдасы шамалы. Ең алдымен, жергілікті жерлерде тиімді жұмыс жүргізілуі керек. Өкімдер жыл сайын әрбір 10 мың тұрғынға 100 жана жұмыс орнын ашуға тиіс. Менің білуімше, бұл бағытта нақты нәтиже жоқ. Өңір басшыларының жұмысын бағалаған кезде осы көрсеткішке баса мән береміз.

Халық саны көбейген сайын тұрақты жұмыс орындары ашылуы керек. Бірақ, Маңғыстау облысында осы мәселе ескерілмеген. Мұнда жөнсіз жүргізілген көші-қон саясатының салдарынан күрделі ахуал қалыптасып отыр. Жұрт «ҚазМұнайГаз» компаниясына жұмысқа тұрғызуды, жоғары жалақы беруді талап етуде. Ашығын айтқанда, Жанаөзендегі кен орындарының көпшілігі сарқылып барады. Бұл жағдай баршаға мәлім. Соңғы 15 жылда осы өңірде мұнай өндіру ісі 30 пайызға азайған. Соған қарамастан, жұмысшылар саны 50 пайызға көбейді. Еңбекқақы төлеу қоры 10 есе артты. Ал, көп жалақы төленетін үш өңірдің бірі – осы Маңғыстау өлкесі. Біз тарихи Отанына оралған қандастарды толық қолдаймыз. Бірақ, тек Маңғыстау өңірімен шектелуге болмайды. Басқа облыстарға, соның ішінде өндірісі дамыған аймақтарға қоныстануға болады. Қазіргі заманда өңірлерде, елдерде, тіпті, құрлықтарда жұмыс күшінің көші-қоны жүріп жатыр. Бұл заңды құбылысқа айналды. Осы үрдіске біздің азаматтар да үйренуі керек. Көрші елдердің азаматтары бұл жағдайға жақсы бейімделді. Біз қандастарымыздың барлық салада, соның ішінде мемлекеттік қызметте жұмыс істегенін қалаймыз. Олар Жана Қазақстанды құруға өз үлесін қосады деп сенемін.

Жастарды жұмыспен қамту шешілмей тұр

Жастарды жұмыспен қамтуға баса назар аударатын кез келді. Жыл сайын еңбек нарығына 300 мыңға жуық жас шығады. Елімізде өскелең ұрпақтың өзін-өзі дамытуына жағдай жасалып жатыр. Бірақ, нақты шараларға қара-



мастан, жастарды жұмыспен қамту мәселесі толық шешілмей келеді. Кейбір аймақта жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі еліміздегі орташа көрсеткіштен айтарлықтай жоғары. Әсіресе, Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары, Алматы, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары – соның қатарында. Үкімет және облыс әкімдері осы мәселеге айрықша назар аударуға тиіс. Жыл аяқталғанда тиісті қорытындысын шығарамыз.

Екі мыңыншы жылдары бала саны күрт көбейгені белгілі. Келесі жылдан бастап сол кезеңде дүниеге келген ұрпақ еңбек нарығына шыға бастайды. Осыны ескерген жөн. Сондықтан, жұртты жұмыспен қамту ісіне қатысты тың тәсілдер қолдану қажет. Ал, азаматтарымыз қазіргі замандағы халықаралық нарық үрдісіне бейімделуі керек. Үкіметке еңбек нарығын дамыту жоспарын шұғыл әзірлеуді тапсырамын.

Мен осы жылды Балалар жылы деп жарияладым. Бірақ, соңғы жылдары мектеп қабырғасында зорлық-зомбылықтың көбейіп кеткені алаңдатады. Оның үстіне, толық жабықталған мектептердің 65 пайызында (яғни, 3 мың мектепте) бейнебақылау жүйесі талапқа сай емес. Жалпы, еліміз бойынша балалар мен жасөспірімдердің өз-өзіне қол салуы азайды. Дегенмен, Алматы, Жамбыл, Қостанай және Маңғыстау облыстарында мұндай оқиғалар көбейіп барады. Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғауға, суицидтің алдын алуға, әрбір баланың құқықтарын қамтамасыз етуге арналған кешенді жоспар қажет.

Жекеменшік балабақшаларда балаларды ұрып-соғу деректері бар. Сонымен қатар, жұмыс істемейтін балабақшаларға қаржы бөлу көбейіп кетті. Мұның бәрі олардың қызметі ашық емес екенін, азаматтық жауапкершілігі жоқтығын көрсетеді. Басқаша айтқанда, қоғам талабына сай емес. 2011 жылы балабақшалардың лицензия бойынша жұмыс істеу тәртібін тоқтаттық. Мемлекет бұл қадамға амалсыздан барды. Өйткені, мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшамен барынша қамтуымыз керек болды. Бұл ретте жеке сектордың әлеуетін пайдалану маңызды еді. Енді қызмет көрсету сапасын арттыратын кез келді. Үкімет осы мәселені мұқият қарастыруы керек. Лицензиялау тәртібін қайта енгізу, ең алдымен, мемлекетке қажет, қоғамға қажет шара. Өйткені, басты мақсат – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Бала құқығы – басты назарда

Қосымша спорттық және шығармашылық білім беру ісіне мемлекет тапсырысы бойынша қаржы бөлінетін болды. Бұл қадам үйірмелер мен секцияларға қатысатын балалардың санын 70 пайызға дейін арттырды. Мұны стратегиялық тұрғыдан дұрыс шешім болды деп санаймын. Дегенмен, жоба іске қосылған жылы бірқатар олқылықтарға жол берілді. Яғни, қаржы мәселесіне және тиісті порталдың («Артспорт») жұмысына қатысты қателіктер болды. Қаржыны артық жұмсау, алаяқтық,

ашықтан-ашық жымқыру басталды. Ата-аналар балаларын бірден бірнеше үйірмеге беретін болды. Өкінішке қарай, мұндай теріс пиғыл басқа балалардың жолын кесіп отыр. Кемшіліктің бәрін түзетіп, осы игі бастаманы жалғастыру қажет. Әкімдіктер және мәсли-

лесіп, медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындауы керек. Денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру жұмысы өте баяу жүріп жатыр. Жалпы, цифрландырудың қазіргі деңгейі дәрігерлердің жұмысын жеңілдетіп отырған жоқ. Денсаулық сақтау са-

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДА ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕ КӨП. ҚАЗАҚСТАНДА СОЗЫЛМАЛЫ АУРУ САЛДАРЫНАН ҚАЙТЫС БОЛУ КӨРСЕТКІШІ ӨТЕ ЖОҒАРЫ. ӘСІРЕСЕ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ДАМУ ҰЙЫМЫНА МҮШЕ ЕЛДЕРМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА БІЗДЕГІ АХУАЛ ӨТЕ НАШАР. МЕДИЦИНА САЛАСЫНА БӨЛІНГЕН ҚАРЖЫ КӨЛЕМІ АРТҚАНЫМЕН, МҰНДА ҚОРДАЛАНҒАН МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАППАЙ ОТЫР. МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ ТИІМДІ БОЛМАДЫ, НАҚТЫ НӘТИЖЕ ЖОҚ. ҮШ МИЛЛИОНҒА ЖУЫҚ АДАМ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДАН ТЫС ҚАЛҒАН. СОНЫҢ КЕСІРІНЕН ОЛАР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТОЛЫҚ ПАЙДАЛАНА АЛМАЙДЫ.

хаттар қосымша білімге бөлінетін бюджет қаражаты жетпей қалуы мүмкін деп алаңдап отыр. Білімге салынған қаражат мемлекет үшін ең басты инвестиция болуы керек. Бұл – өте маңызды мәселе. Түптеп келгенде, дамудың бірден-бір жолы – білім саласы. Сондықтан, бұдан ешкім ұтылмайтыны сөзсіз. Үкімет пен әкімдер жұртшылықпен бірлесіп, жобаны жетілдіруге тиіс. Құзырлы министрлік пен әкімдіктер жобаның жүзеге асырылуын реттеп, жіті бақылауы қажет. Бұған дейін бөлінген қаржының жұмсалыуын тексеру керек. Бұл міндет Бас прокуратураға жүктеледі.

Үкіметтің басты міндетінің бірі – ана мен баланың денсаулығын сақтау. Өкінішке қарай, сәбилердің өлімі көбейді. Ана өлімі де өсуде. Мен перинаталдық қызметтің жай-күйін тексеруге тапсырма бердім. Оның қорытындысы бойынша тиісті шаралар қабылдануы керек еді. Бірақ, барлық жұмыс аудит деңгейінде тоқтап қалды. Қазіргі перзентханалардың көбі халықаралық стандарттарға сай емес. Сондықтан шұғыл шаралар қабылдап, осы мәселені шешу қажет.

Медицинаға бөлінген қаржы артқанмен, мәселе шаш-етектен

Жалпы, денсаулық сақтау саласында түйткілді мәселе көп. Қазақстанда созылмалы ауру салдарынан қайтыс болу көрсеткіші өте жоғары. Әсіресе, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдермен салыстырғанда, біздегі ахуал өте нашар. Медицина саласына бөлінген қаржы көлемі артқанымен, мұнда қордаланған мәселелер шешімін таппай отыр. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі тиімді болмады, нақты нәтиже жоқ. Үш миллионға жуық адам медициналық сақтандырудан тыс қалған. Соның кесірінен олар денсаулық сақтау саласындағы қызметтерді толық пайдалана алмайды. Үкімет Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бір-

ласында 40-тан астам ақпараттық жүйе жұмыс істейді. Әр жүйенің өз кемшілігі бар. Министрлік болса, жауапкершіліктен қашып, нақты шешім қабылдамай отыр. Ал, мұның зардабын дәрігерлер мен азаматтар тартуда. Үкімет осы мәселені тез арада шешуі керек.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша коронавирус жұқтырғандар көбейіп келеді. Соңғы екі аптада науқастардың саны 30 пайызға артқан. Негізгі себеп – тұрғындар мен дәрігерлердің қауіпсіздік шараларын сақтамауы. Бұл жұмыста ешқандай асыра сілтеу болмауы керек. Шағын және орта бизнестің мүддесін ескерген абзал.

Жол құрылысы саласын жемқорлық жайлаған

Автожол инфрақұрылымы саласындағы түйткілдер аз емес. Биыл 11 мыңнан астам шақырым жолға әртүрлі жөндеу жұмысы жүргізіледі. Бұған 600 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Жөндеу жұмыстарын созбалаңға салуға болмайды. Жобаларды жүзеге асыру барысын қатаң бақылауға алу қажет. Жолдың сапасына айрықша назар аудару керек. Еліміздің жолдары нашар екені және жол құрылысы саласын жемқорлық жайлағаны ешкімге жасырын емес. Тіпті, басқа жерді айтпағанның өзінде, Ақордаға апаратын жолдың өзі жамау-жамау, құрақ көрпеге ұқсайтын болды. Жалпы, бұл салада қордаланған мәселе көп. Тендерді жыл сайын бірді-екілі компания ғана ұтып алады. Мұндай жағдайдың қайталанып келе жатқанына ондаған жыл болды. Осының бәрін ретке келтіру үшін шұғыл шаралар қабылдау керек. Жарты жыл өтті. Ал, жол жөндеуге бөлінген қаражаттың 44 пайызына мемлекеттік сатып алу қорытындысы жасалған жоқ. Бұл жұмыс Павлодар (17%), Маңғыстау (24%) және Батыс Қазақстан (27%) облыстарында өте баяу жүруде.

Қазақстанда жол құрылысына қажет-

ті материалдың бәрі бар. Бірақ, отандық өндірістің әлеуеті толық қолданылмайды. Мұны, тіпті, қолдан жасалған тапшылық деуге болады. Мысалы, елімізде битум өндіретін үш зауыт бар. Соған қарамастан, 200 мың тонна битум жетіспейді. Құрылыс қарқынды жүрген кезде оның бағасы үш есе (яғни, бір тоннасы 90 мыңнан 250 мың теңгеге дейін) қымбаттайды. Үкіметке жол құрылысына қажетті ресурстарды өндіру және тұтыну барысын мұқият саралауды тапсырамын. Соның негізінде құрылыс материалдарын шығаратын жаңа кәсіпорындар ашу қажет. Ал, жұмыс істеп тұрған нысандарды жаңғырту керек.

Тағы бір маңызды мәселе – мемлекеттік сатып алу конкурсын өткізу. 2019 жылдан бері автожол саласында құны 1,5 трлн теңге болатын мемлекеттік келісімшарттар жасалды. Соның 40 пайызын шетелдіктердің қатысы бар компаниялар ұтып алған. Біз шетелдік серіктестерімізге қолдау көрсетеміз. Олар үшін нарық әрдайым ашық. Бірақ, отандық компанияларымыз белсене қатыспайды. Үкімет жергілікті кәсіпорындар үшін бәсекелі орта қалыптастыруы керек. Кейбір ірі компаниялардың еңбек және материалдық ресурстары жеткіліксіз. Соған қарамастан, олар тендерді ұтып алып, жұмысты мердігерге ысыра салады. Осындай ахуал жылда қайталанайды. Тіпті, жұмыстың 100 пайызы басқа мердігерге тапсырылғаны жөнінде мәліметтер бар.

Жол бойында заманауи қызмет көрсету ісін ретке келтіру маңызды. Қазір елімізде осындай 1600 нысан бар. Оның 68 пайызы ғана ұлттық стандартқа сай келеді. Транзит тұрғысынан өте маңызды Түркістан, Қарағанды және Маңғыстау облыстарындағы жағдай өте нашар.

Автожол саласына түбегейлі реформа жасайтын уақыт жетті. Қазір еліміздегі жолдың жай-күйін қадағалап, қызмет көрсететін екі негізгі оператор бар. Тұрасын айтсақ, екеуі де бір жұмысты атқарып отыр, жұмысшыларының саны да қажетті шамадан артық. Соған қарамастан, азаматтардан келіп жатқан орынды арыз-шағымдар азаяр емес, ал жолдың сапасы мүлде сын көтермейді. Үкіметке «ҚазАвтоЖол» және «Қазахавтодорды» біріктіріп, Қазақстанның біртұтас автожол компаниясын құруды тапсырамын. Нәтижесінде қызметкерлердің саны да қысқаратын болады. Жалпы, бұл саланы кешенді түрде қайта жаңғырту керек. FIDIC халықаралық қағидағарын енгізген жөн. Оны жүзден астам ел пайдаланып отыр. Бұл жүйе жол саласын тиімді басқаруға, бюджет қаражатын ұтымды пайдаланып, барлық деңгейдегі жемқорлық қаупін азайтуға мүмкіндік бермек. Мұндай жүйеге көбі қарсы болады. Бұл жерде министрдің және тиісті вице-премьердің нық ұстанымы қажет. Тұтастай алғанда, осы мәселе бойынша арнайы комиссия құру керек. Оған Үкімет мүшелерін, Президент Әкімшілігі, құқық қорғау органдарының өкілдерін, депутаттарды қосқан жөн. Жарты жыл ішінде барлық кемшілікті, соның ішінде жемқорлықты және олқылықтарды түзетуге бағытталған ұсыныстарды әзірлеп, маған баяндау қажет.

Жалпы, Үкіметтің жұмысына орташа деген баға беруге болады. Үкімет табандылық танытуға тырысуда. Бірақ, қазіргі кезеңде босаңсуға болмайды. Жұмыс қарқынын барынша күшейту қажет. Жана, тың әдіс-тәсілдерді қолдану керек. Үкімет жедел әрекет ететін оперативтік штаб қана емес, нақты реформаларды ұсынатын және жүргізетін басты мемлекеттік мекеме болуы керек. Экономистер, кәсіпкерлер көп. Шетінен білімді, дарынды. Бірақ, олардың нақты ұсыныстары аз, тіпті, жоқ деп айтуға болады. Күзге қарай, мүмкін, кадрлық шешімдер қабылдау керек болады. Ерекше дағдарыс жағдайында бұл өте қажет екені түсінікті.

АҚОРДА

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

ЕҢБЕК
ДАУЛАРЫНЫҢ
АЛДЫН АЛҒАН
ДҰРЫС



Еңбек даулары тараптардың келісімі бойынша немесе сот тәртібімен қаралады. Бұрын жұмыс беруші жүкті әйелді немесе 3 жасқа дейінгі баласы бар ананы, көмелет жасына жетпеген жеткіншекті болмаса мүгедекті жұмысқа қабылдаудан бас тартқан болса, оның себебін жазбаша түсіндіру тиіс болатын. Ал, қазіргі жаңа кодекс бойынша жазбаша түсіндіруі міндетті болып саналмай отыр. Есесіне, 18-ге толмағандарды енді ойын-бизнесіне, түнгі ойын-сауық, көңіл көтеруге орындарында, алкоголь, темекі, есірткі заттарын өндірумен, тасымалдаумен және сатумен байланысты жұмыстарға қабылдауға тыйым салынған. Егер осыған дейін жасөспірім жұмысқа өтінім бергенде, олардың ата-анасы немесе қорғаншылары, асырап алушылары жазбаша түрде келісім беріп, әрі еңбек шартына бірге қол қоюы тиіс болса, қазіргі жағдайда еңбек шартына жасөспірімнің өзінің ғана қол қоюы жеткілікті болып саналады.

Сол секілді бұрынғы талап етілетін құжаттар тізімінен әскери есеп құжаты мен мекенжай анықтамасы алынып тасталған, оның орнына жаңа 2 құжат: қосымша жұмысқа орналасатын болса, жұмысшының негізгі жұмыс орнынан жұмысының сипаттамасы мен еңбек жағдайлары туралы анықтама талап етіледі.

Еңбек ұжымының талаптарын қанағаттандыру рәсімі тәртібімен қаралады, яғни ұжымдық еңбек дауы кезектілік тәртібімен алдымен келістіру комиссиясында қаралады, келісімге келе алмаған жағдайда еңбек сараптау комиссиясында қаралады. Еңбек туралы заңды және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді қолдану жөніндегі еңбек даулары (оларды орындамау не бұзу жөніндегі) тараптардың біреуінің арызы бойынша сотта қаралады.

Ұжымдық еңбек дауын шешудің ең ақырғы шарасы ереуіл болып табылады. Ереуіл деп еңбек ұжымының жұмыс беруші мен ұжым арасындағы өздерінің әлеуметтік-экономикалық және кәсіби талаптарын қанағаттандыру жолындағы күрес шаралары түсініледі. Ереуіл еңбек ұжымы мүшелерінің белгілі бір мерзімге немесе жұмыс берушінің еңбек ұжымының талаптарын қанағаттандырмаған мерзіміне дейін жұмысты толықтай не ішінара тоқтатуы (жұмысқа шықпау, еңбек міндеттерін орындамау). Ереуілге шығу жөніндегі шешім – еңбек дауын келістіру рәсімдерінің көмегімен шешуге мүмкін болмаған жағдайда қабылданады.

Еңбек даулары тараптардың келісімі бойынша немесе сот тәртібімен қаралады. Оны қарайтын орган – келістіру комиссиясы және сот. Тараптардың келісімі бойынша шартқа өзге де талаптар енгізілуі мүмкін. Кез келген шарттың жағдайын елеулі және елеусіз деп бөлуге жатады. Мұндай дауларда екі тараптың келісімге келуі көп әуре-сарсаңның алдын алады.

К.РЫСКАЛИЕВА,
Ақтау қаласы №2 сотының судьясы

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

Соңғы жылдары сот жүйесіне ақпараттық технологиялар қарқынды енгізіліп келеді. ҚР Жоғарғы Соты тарапынан 2014 жылы енгізілген «Сот кабинеті» ақпараттық сервисі де бүгінде табысты жұмыс жасап жатыр. Осы сервис арқылы арыз, өтініштер сотқа тапсырылып, қылмыстық, әкімшілік істер электронды түрде жолданып, қаралауда.

Сервис халықтың уақытын үнемдей отырып, ғаламтор көзіне қосылған кез келген әлемнің нүктесінен сотқа онлайн жүгінуге жол ашады. Аталмыш сервис сот органдарының «Төрелік» ақпараттық сервисімен тікелей байланыстырылған. Судья сот актілеріне электронды санды қолтаңбасын қойған жағдайда, сот шешімдері «Сот кабинеті» сервисіне жүктеледі. Сервис қолданушылары іс бойынша сот өндірісін бақылап, электронды сот актілерімен танысып, оларға шағым түсіре алады, басқа да өтініш-талаптар ұсынып, өзіне іс бойынша қажетті барлық мәліметтерден хабардар болады.

Сот жүйесін оңтайландыру мен қолжетімділігін арттыру мақсатында Жоғарғы Сот бастамасымен енгізілген сервистер соттардың ресми сайттарында орналастырылған. Яғни, «Сотқа шақыру қағазы», «Сот кабинеті», «Сот құжаттарымен танысу», «Сот істерін

ЭЛЕКТРОНДЫҚ СЕРВИС ЕЛГЕ ЖАҚТЫ

қарау кестесі» және т.б. сервистер толығымен халыққа қызмет көрсетіп жатыр. Сот мамандары қолданушыларға «Сот кабинеті» сервисімен жұмыс жасау жолдарын үнемі түсіндіріп келеді.

Сонымен қатар, «Төрелік» сот органдарының ақпараттық сервисі атқару өндірісі органдарының ақпараттық жүйесімен жүйеленіп, заңды күшіне енген сот актілерін орындау мақсатында берілетін орындау парақшалары қазіргі таңда электронды түрде сот орындаушыларына жолданады.

«Сот кабинеті» сервисінде сот отырыстарының дыбыс-бейне таспаларын алу қызметі де жұмыс жасап тұр. Елбасының 100 нақты қадам – Ұлт жоспарында берілген тапсырмалардың бірі – сот залдарында сот отырыстарын міндетті дыбыс-бейне таспаға жазуды міндеттейді.

Ақтөбе қаласында орналасқан барлық соттар қазіргі уақытта 100% дыбыс-бейне таспаға жазатын құрылғылармен қамтылған. Осы бағыт заңмен бекітіліп, Қылмыстық-процестік кодекстің 347, Азаматтық-процестік кодекстің 282-баптарында құқықтық тұрғыдан реттелген. Яғни, барлық сот отырыстарының дыбыс-бейне таспа-

Кез келген адамның құқын әділ қорғау – мемлекеттің міндеті. Оны заң аясында орындау үшін шынайы сот төрелігін жүзеге асыруға ерекше назар аударылады. Осы мақсатта сот ісін алқабилердің қатысуымен жүргізу тәжірибеге енді.

«Алқабилер туралы» заң қылмыстық сот ісін жүргізуге алқабилердің қатысуына байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін, алқабилердің құқықтық мәртебесін, тәуелсіздігінің кепілдіктерін, олардың қызметін қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды. Мемлекет басшысы алқабилер сотын енгізу қағидатты қадам болды деп атап өтті. Бұл демократияның ажырамас бөлігі ретінде азаматтық қоғам институттарын дамытудағы және адам құқықтарын қорғаудағы жауапты кезеңге айналды.

АЛҚАБИЛЕР СОТЫН
ЕНГІЗУ – ОРЫНДЫ ҚАДАМ

Одан бері алқабилердің қатысуымен елімізде бір талай істер қаралды. Жалпы, алқаби дегеніміз – соттың қылмыстық істі заңда белгіленген тәртіппен қарауына қатысуға шақырылған және ант қабылдаған еліміздің кез келген азаматы. Сондықтан да алқаби сотын сот төрелігін жүзеге асыруға халықтың қатысуының бір түрі дейміз. Алайда, бұл жай ғана қылмыстық іс жүргізу институты емес, ол ерекше әлеуметтік институт. Алқабилер сотының тәжірибеге енгізілуінің өзі осы елде жарыспалы сот төрелігінің бар екендігін білдіреді.

Алқабилер соты аясында арнайы іріктелген адамдар істің нақты мән-жайларын бағалап, шешім шығарады. Азаматтық қоғам мен мемлекет үшін бұл институттың құндылығы алқабилердің кәсіби судьяларға қарағанда сот қызметіне істі қабылдауда өмірлік тәжірибені, ақиқат пен әдептілікті өзгеше ұғынуында болып отыр. Ресейдің атақты заңгері А.Ф.Конидің айтуынша, алқабилер сотта көріп, естігендері бойынша өздері еркін және тәуелсіз құрған ішкі наным бойынша істерді шешеді. Ондай наным оларға істі талқылау барысында ықпал еткен түрлі әсерлер жиынтығын іштей өңдеуден туындайды. Қандай да бір дәлелдемелерге сенуді немесе сенбеуді олардың ар-ұжданы шешеді. Бұл сөздер бүгінгі күні де өзекті болып табылады. Алқаби сотын көп жағдайда «қоғамдық ар-ұждан соты» деп айтады, ол қоғамда ақиқат пен әділеттілік туралы ұғымды дерексіз емес, нақты түсініктер арқылы қабылдап, қолдайды.

Қазақстанда алқаби соты енгізілгеннен бері алты жыл өтті. Осы кезеңде алқаби соттары біршама тәжірибе жинағаны анық. Алқабилердің қатысуымен қаралатын істердің көбеюі оған сенімнің артып отырғанын білдіреді. Сот төрелігінің жаңа институтына қызығушылықтың артуы оның өміршеңдігі мен маңыздылығының белгісі болып табылады. Аймақтар арасында облыстық және оған теңестірілген соттарға баратын сотталушылардың алқаби сотын неғұрлым жиі таңдайтынын ерекше атауға болады. Дегенмен, халық өкілдері қатыса-

тын сотқа қарсы пікір білдірушілер алқаби сотын енгізу әлі ерте, ондай сот біздің менталитетімізге жат деген уәждер келтіреді. Кейбіреулер мұны шығарылған сот шешімінің себептерін заң ғылымына және практикасына ешқандай қатысы жоқ адамдардың соттағы аса күрделі мәселелерді шеше алмайтындығымен түсіндіруге тырысады. Кейде алқабилердің төмен әлеуметтік мәртебесі туралы да айтылып жатады. Бұл пікірлермен бірқатар мамандар нақты келіспесе де, алқабилердің қатысуымен жүргізілетін сот ісін жүргізу әлі толық жетілмегендігін алға тартады. Бірақ, алқаби соты демократияның сөзсіз жеңісі екені, оны барынша қорғау және дамыту керектігі анық.

Қазақстандағы сот реформасының қазіргі заманғы тұжырымдамасы оны ең алдымен, сот жарыспалылығын ынталанды-

қатысушыларға судья арқылы сұрақтар қоюға, сот отырысында істің жария етілген мазмұнымен танысып, түсініксіз мәселелер бойынша сауалдар беруге құқылы. Сот ісінде жариялылыққа, тәуелсіздікке қол жеткізу бағытында дүниеге келген алқабилер институтының ең басты ерекшелігі – олар кеңесу бөлмесінде бірқатар маңызды мәселеге айрықша назар аударады: әрекеттің орын алғаны нақты дәлелденді ме, бұл әрекетті сотталушының жасағаны расталды ма және бұған сотталушы кінәлі ме?

Міне, осы сауалдар арқылы сотталушының кінәлілік дәрежесі анықталып, соған сәйкес айыптап соттауға немесе жауаптан босатуға шешім қабылданады. Ата Заңымызда белгіленген сот тәуелсіздігі, кінәсіздік презумпциясы, тараптардың теңдігі және жарыспалық қағидатын



руға, сол арқылы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын неғұрлым пәрменді қорғауға ықпал етуге арналған институт ретінде қарайды. Жалпы, жергілікті халық өкілдері болып табылатын алқабилердің сот шешімдеріне қатысуы, жай қатысып қоймай, олардың шешім шығаруға нақты ықпал етуіне жағдай жасайтын бұл өзгеріс еліміз ұстанған демократиялық қоғам құру талаптарынан туындады.

Алқабилер туралы заң талабы аса ауыр қылмыстарға қатысты қолданылады және де олардың қатысуымен іс тек сотталушының өтініші бойынша қаралады. Бұл заңда нақты көрсетілген. Егер сотталушы бас тартса, қылмыстық іс кәсіпқой судьялардың қарауына алынады. Сондықтан алқабилердің қатысуымен өтетін соттың жетістіктері мен олқы түсіп жатқан жақтары қандай, нендей ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар, судьялар мен мемлекеттік айыптаушылардың, алқабилердің сот барысындағы қарым-қатынасы қандай, алқабилердің қатысуымен өтетін сот процестерін ұйымдастырудағы проблемалық мәселелер қандай деген мәселе жиі көтеріледі.

Алқабилердің қатысуымен өткен сот процестеріне шолу жасасақ, құзырлы органдар жүргізген тиісті тексеруден кейін әрбір алқаби мүшесі сот басталар алдында ант қабылдайды. Олар өздерінің ішкі наным бойынша шешім шығарады. Сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге, сотқа

сактай отырып, ар-ождан таразысы арқылы адамдардың тағдыры шешіледі. Бұл ретте қоғам мүддесін білдіретін алқабилердің моральдық бейнесі кіршіксіз, азаматтық ары таза, адамгершілік ұстаны жоғары болуына баса назар аударылады.

Өкінішке қарай, алқабилер тізімін жасаған кезде құзырлы органдар тарапынан тексеру жұмыстары дұрыс жүргізілмейді. Соның салдарынан олардың қатарына өткен өмірі күмәнді, жауапкершілік жүгін жете түсебейтін, тіпті тәртіпсіз адамдардың да еніп кеткен фактілерінің бар екенін жасыруға болмайды. Себебі, алқабилер құрамында заңға ешқандай қатысы жоқ адамдардың болғаны жөн.

Алқабилер тізімін жасақтау жергілікті әкімдіктерге жүктелгендіктен, олардың арасына талапқа сай келмейтін адамдар да қоса ілеседі. Сондықтан ол тізімдегі үміткерлерді компьютер арқылы таңдағанда кейбір адамдардың алқаби болып шыға келетіні сөзсіз. Дегенмен, бұл кемшіліктердің бәрі түзелетін, қолдағы іс. Ең бастысы, алқабилер қатысуымен қаралатын сот процестерінің ізгілікті және әділдікті арқау ететіні халыққа үлкен сенім ұялатуы керек.

Н.МАЖИТОВА,
Батыс Қазақстан облысы
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының жетекші маманы

Анар УРАШЕВА,
Ақтөбе қаласының әкімшілік
құқық бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының кеңсе меңгерушісі

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Шолпан Оразкызы, әңгімемізді қант қызылшасын өсірудегі қордаланған мәселенің түп-тамырынан бастасaq?

– Қант – күнделікті қолданыстағы ең қажетті тамақ өнімдерінің бірі. Бұл тағамды өнеркәсіптік жолмен алу елімізде негізінен өсімдіктің екі түрі – қант құрағы мен қант қызылшасы арқылы жүзеге асырылады. Республикамыздың оңтүстік-шығыс облыстарындағы табиғи жағдайлар отандық шикізат ретінде саналатын қант қызылшасын ойдағыдай өсіруге толық мүмкіндік береді. Аталған дақылдың өсіп-өнуіне осы аймақтың жер жағдайы мен климаты аса қолайлы. Суармалы алқаптардың әр гектарынан орта есеппен 450-500 ц және одан да жоғары тәтті түбір алуға болады.

Сексенінші жылдары Қазақстанда 2 миллион тоннаға дейін қант қызылшасы жиналса, тоқсаныншы жылдардың соңына қарай бұл көрсеткіш 100 мың тоннаға әуірімдеп зорға жетті. Республиканың жыл сайынғы қантқа сұранысы 400 мың тоннаны құрайды. Дегенмен, сол кенестік дәуірдің өзінде де Қазақстанда қантқа деген қажеттілікті қамтамасыз ету 180-200 мың тоннаны ғана құраған еді. Қантқа деген толық сұранысты сол тұста да толтыра алмаған едік.

Қант қызылшасы – «талантты» мәдени дақыл, ол ерекше күтімді қажет етеді. Сонымен қатар, оны өсіру жоғары табысқа жеткізеді, экономикалық тұрғыдан тиімді. Бабын таба білсең, өнімді де төгіп береді. Сонымен, 30 т/га тамыржемісін өңдеу кезінде 3 тонна және одан жоғары қант алуға болады. Өкінішке қарай, ауыл шаруашылығы өндірісін реформалау кезінде осы жағдайлардың барлығы ескерілмеді, сонымен бірге қызылша өсіру саласы көп зардап шекті, қызылша совхоздары, колхоздар және тұқым шаруашылықтары таратылды. Олардың ғылыми және материалдық-техникалық базасы түбегейлі бұзылды, тұқым зауыты мен кейбір қант зауыттары талан-таражға ұшырады. Өте қымбат шетелдік технологияны енгізу, сондай-ақ біздің жағдайымызда жеткілікті тексерілмеген төзімді сорттарды қолдану өзін ақтамады, өйткені табиғатта мүлдем төзімді сорттар жоқ, ал салыстырмалы тұрақтылық уақытша сипатқа ие. Сондықтан республиканың қызылша өсіретін шаруашылықтарының жұмысшылары жұмыссыз және жалақысыз қалды, ал республика өз өндірісінде қызылша қантынсыз қалды.

– Үкімет пен қант қызылшасын өсірушілер арасында өзара түсіністік орнаған ба?

– Қызылша өсірудегі қалыптасқан жағымсыз жағдайлар, жоғарыда айтылғандай, ыдыраған совхоздар мен колхоздардың орнына келген әртүрлі жаңа түзілімдердің ауылшаруашылық техникаларының, көлік құралдарының, тыңайтқыштардың, өсімдіктерді қорғаудың химиялық препараттарының, жанар-жағармай материалдары бағасының қымбаттауына байланысты. Сонымен бірге бұл сатып алуға қажетті қаржы қаражаттың болмауына тікелей тәуелді.

Бүгінгі таңда республикада қызылша шаруашылығының жай-күйі және халықты өз өндірісіндегі қантпен қамтамасыз ету өте өзекті болып отыр. Мұнда консенсус пен нақты жауап жоқ. Бірақ, соған қарамастан, республикада жеткілікті мөлшерде ирригациялық дайындалған қызылшаға жарамды суармалы жерлердің, суармалы судың болуы және ең бастысы – қолайлы климаттық факторлар мен өз будандары қызылша өсірумен айналыспауы, жоғарыда көрсетілген қиындықтарға сүйенуі және республиканы қант импортына бағыттауы тек экономикалық қана



Шолпан БАСТАУБАЕВА,
Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Басқарма төрағасы:

ҚАНТ ТАПШЫЛЫҒЫ – ЖҮЙЕСІЗ ЖҰМЫС КЕСІРІ

емес, саяси да қателік болып табылады.

Қазіргі кезде Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенін дамытудың 2017-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда. Ол бойынша 2025 жылы қант қызылшасы алқабын 32 мың гектарға дейін жеткізу және жалпы өнім көлемін 1 млн тоннаға жеткізу жоспарланып отыр. Азық-түлік қауіпсіздігі үшін жалпы сұраныстың 25% жеткілікті дейді мамандар. Біздің алға қойған мақсатымыз осы жоба аясында қажетті өнімді 40 пайызға жеткізу болып табылады. Осы арқылы ішкі нарықты отандық шикізаттан алынған қантпен толтыру, импорттық шикізатқа тәуелділікті төмендету, қант қызылшасын өндіретін шаруашылықтарға жұмысын алға бастыру үшін қолдау жасау белгіленгенін де атап айтуымыз керек.

Дегенмен, қант қызылшасынан қанттылығы жоғары әрі тұрақты өнім алу жөніндегі шаралар жүйесінде осы дақылдың жергілікті жағдайларға жақсы бейімделген, тамыр шірігі және жапырақ ауруларына төзімді, дара дәнекті сорттары мен будандарын шығарып, өндіріске енгізу аса маңызды рөл атқарары сөзсіз.

– Қант қызылшасының жаңа сорттары мен будандарын шығару, оны өсіруді ғылыми негізде жетілдіру, олардың элиталық тұқымын көбейту, жерсіндіру тек бүгінгі таңда ғана өзекті мәселе болған жоқ қой?

– Рас айтасыз. Республикамыздың селекционер ғалымдары Тәуелсіздіктің 30 жылдығында тізбеаралық будандар шығару бағытындағы селекциялық жұмыстарда 264 инбредтік желі жасады. Мұның ішінде СОАН-5, СОАН-11, СОАН-13, СОАН-14 желілері көптеген комбинация құру көрсеткіштерімен ерекшеленіп, мемлекеттік реестрге Украинадағы Қант қызылшасы институтында селекциялық жұмыстарға пайдалану үшін бағалы бастапқы материал ретінде енгізілді.

Отандық ғалымдардың көп жылдық тынымсыз іздену жұмыстарының нәтижесінде қант қызылшасының 1 сорты мен 14 буданы туындап, оның ішінен ЦКазМС-44 (1995), КазМС-19 (1998), КазСиб-14 (2001), Ақсу (2014) және Айшолпан (2016), Шекер (2017), Тараз (2017) және Памяти Абугалиева (2020)

будандары мемлекеттік сынақтан ойдағыдай өтіп, республиканың дәстүрлі қызылша өсіретін аймақтарына пайдалануға жіберілді. Өндіріске ұсынылған осы будандардың орташа өнімділігі 600-700 центнер, қанттылығы 16,5-17,7%, дара дәнекті, түрлі ауруларға төзімді, өзіндік ерекше селекциялық тәсілмен шығарылған және қызылшаның тұқым шаруашылығының қалыптасқан классикалық үлгілеріне толық сәйкес келеді.

Қазіргі таңда ЦКазМС-44, КазСиб-14 будандары республиканың

Цитология және генетика институты, Ресей Ғылым академиясының Мазлумов атындағы институты, Беларусь Республикасының ғылыми тәжірибелік қант қызылшасы станциясы, Польшаның Кутнова селекция және тәжірибелік станциясы және Украина Аграрлық ғылым академиясының қант қызылшасы институтының селекционерлерімен бірлесе ғылыми жұмыстар жүргізуде.

Қант қызылшасы мен қант өндірісінің экономикалық тиімділігі мен саланың тұрақты дамуын едәуір анықтайтын өзіндік сипаттамалары бар: қант қызылшасын өсірудің табиғи-климаттық жағдайларына жоғары талаптар қояды; агротехникалық талаптардың жоғарылығы бұл дақылды мамандандырылмаған шаруашылықтарда өсіруге мүмкіндік бермей отыр (егістің шоғырлануы 20-25% аспайтын ауыспалы егіс жүйесінде ғана өсіру керек); қант қызылшасын өңдеу мен өсіруде қолданылатын технологиямен анықталатын

өндірістің жоғары еңбек шығындары, материалдық шығындар және қор сыйымдылығының жетіспеушілігі; шикізаттағы пайдалы компоненттің салыстырмалы түрде төмен құрамы (қант мөлшері 15 – 19%) оны өндірудің едәуір көлемін қажет етеді; тасымалдауға жарамдылығының төменділігі және шикізаттың нашар сақталуы да күрделі мәселе.

Бұл – қайта өңдеу тұрғысынан барынша сұранысқа ие дақылдардың бірі. Қант қызылшасын өсіруге жарамдылық дәрежесі бойынша топырақтың эконо-

талықтар құрылған еді ғой?

– Иә, әрбір сервистік орталық өздерінің 100 гектар қызылшасынан басқа, 300 гектар қант қызылшасы алқабына қызмет көрсетеді. Орталықтың қуаттылығы 400 гектар қант қызылшасына есептелген және заманауи тракторлармен және арнаулы ауылшаруашылығы машиналарымен толық жарақтандырылған. Орталықтар белгіленген баға бойынша, аймақтардың жерді пайдалануын дифференциалды түрде ескере отырып, басқа қызылша өсірілетін шаруашылықтарға да агротехникалық қызмет көрсетеді. Осындай мақсатпен 17 сервистік орталық өткен жылы 1060 гектарға өздері егіп, әр гектарынан орташа 510 центнерден өнім алды. Сонымен қатар, жалпы 75 шаруашылықтың 3800 гектар алқабына сервистік қызмет көрсетілді. Ал, 2022 жылға Алакөл, Ақсу аудандарында және Шөңгелді алқабында тағы да 5 сервистік орталық құру белгіленіп отыр. Әрбір сервистік орталыққа «Жеті-

су» ӘКК-сы арқылы 10 жыл мерзімге лизингке жалпы құны 250-300 млн теңге тұратын 18-20 түрлі техника берілмек.

Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының әріптестері – «Қамқорлық» элиталық тұқым шаруашылығы ЖШС, «Самай» ШҚ және «Кең Дала» ШҚ-мен бірлесе отырып, отандық қант қызылшасы тұқымының үлесін 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен жалпы қажеттіліктің 50 пайызына жеткізуді, отандық өндірісті егістік сапасы жоғары тұқыммен қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. «Ақсу», «Айшолпан», «Тараз», «Шекер», «Памяти Абугалиева» атты қант қызылшасы будандарын, сондай-ақ қант қызылшасының жаңа бәсекеге қабілетті түрлерін өсіру жөніндегі ұсыныстарды республикада ғана емес, осындай табиғи-климаттық жағдайымен бұл бағалы дақылға сұранысы бар Қырғызстан мен Өзбекстанда да пайдалануға болады.

– Қант қызылшасын өсіру, сақтау, өңдеуөндірісі кешенінің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлі қандай?

– Мемлекеттің қант қызылшасы кешенін экономикалық дамытудағы негізгі рөлі – елдің азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қабылданған талаптар негізіндегі, жалпы экономиканы өркендету аясында кеңейтілген жұмыстарға институтциналды жағдай жасауда жатыр. Жобаны жүзеге асыру қант қызылшасының егіс алқабын және қант қызылшасы көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл тұтастай алғанда, осы әлеуметтік маңызды өнім бойынша азық-түлік қауіпсіздігін нығайтады. Қазақстанда өнімділігі, сапасы жоғары, қоршаған ортаға бейімділігі жағынан шетелдік түрлерімен бәсекеге түсе алатын қант қызылшасы будандарын енгізу өнімділікті арттырып, қант өңдеу инфражүйесінің дамуына, өнімнің өзіндік құнының кемуіне және қант қызылшасы саласының экономикалық тиімділігіне әкеледі деп толық сеніммен айта аламыз.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

SEMINAR

АМАНАТ партиясының Саяси менеджмент академиясы ауыл тұрғындарының табысын арттыруға арналған семинар-тренинг өткізуде. Оған Түркістан облысының ауыл әкімдері, сондай-ақ партия филиалдарының атқарушы хатшылары қатысады. Семинар-тренингте өңірдің 64 ауыл әкімі біліктілігін арттырады.

Жиынға қатысушылар аймақтағы кәсіпкерлікті дамытудың негізгі тетіктерін меңгеріп, іс жүзінде жүзеге асыруды көздеуде. 3 күнге созылатын семинардың алғашқы күнінде ауылдың экономикалық бәсін сауалнама жүргізу арқылы анықтаудың тың жолдарын өңір

әкімдері практикалық тұрғыда іске асыруды жоспарлап отыр. Солардың бірі – Мақтаарал ауданы, Бірлік ауылының әкімі Ләззат Нұртаева ауылдың мамандануына арналған дәрістердің өзіне ұнағанын айтты.

– Ауыл тұрғындарының мамандануын айқындау мен ауылдық округтердің әл-ауқатын бизнес идеяларды іске асыру арқылы арттыруда көшпелі 3 күндік се-

минар сабақтардың үлкен септігі тиеріне сенімім мол. Себебі, семинар арқылы алған білімімізді ел игілігіне жұмсар болсақ, «Халықтың табысын арттыру»-дың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» мемлекеттік жобасына да оң ықпал етері анық, – деді Ләззат Лесбекқызы.

Ал семинар оқытушысы, бизнес-тренер Ержан Хангелдиев ел Президенті Қ.Токаевтың тапсырмасына

сай өткізіліп жатқан семинарда ауылды жердегі табысты арттыруға арналған бизнес-жобаларды іске асырудан бөлек, қаржылық сауаттылықты ілгерілетуге арналған білімін аймақ әкімдерімен бөлісіп жатқанын жеткізді. Сондай-ақ ол сабақ барысында өңір әкімдерінің өз аймақтарының экономикалық әлеуетін көтеруге арналған бизнес-идеяларымен бөлісіп, белсенділік танытып жатқанын айтты.

Үш күнге жоспарланған дәріс барысында білімін жетілдірген ауыл әкімдері семинар нәтижесінде ауыл бизнесіне өз бетінше скрининг жасауды ұйымдастырып, экономикалық тиімді бизнес-жобалардың тың әдістерін меңгертін болады.

АМАНАТ партиясы Түркістан облыстық филиалының баспасөз қызметі

ҚҰРМЕТ

ЗАҢНЫҢ КҮШІ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұндағы «Е-заңнама» ақпараттық жүйесі – Қазақстан Республикасының заңнамасына талдау (мониторинг) жүргізуге, сондай-ақ норма шығарудың жекелеген процестерін автоматтандыруға арналған бірыңғай құқықтық жүйе. Заң шығару процесіне келер болсақ, бұған «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» 1995 жылғы 16 қа- заңдағы Конституциялық заңның 3-та- рауы арналған. Атап айтқанда, 15-бап заң шығару бастамашылығына, 16-бап Парламенттің заңдар қабылдау жөнін- дегі құзыретіне, 17-бап Парламенттің заң актілері жобаларын қарауының кезектілігі мен мерзімін белгілеуге, 18-бап заңдарды қабылдауға, 19-бап республиканың заңдарын Республика Президентіне қол қоюға ұсынуына арналған. Алайда онда қабылданған заңның сапасы мен оның орындалуына катысты депутаттың жауапкершілігі жайында бірде-бір сөз жоқ.

«Заң неге жиі өзгереді, оның сапа- сына кім жауапты?» деген сауалымыз- ға 1994-1995 жылдары ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, ал 1999-2007 жыл- дары Парламент Мәжілісінің депутаты болған Серік Әбдірахманов: «Алдымен «Сайлау туралы» заң өзгеруі керек. Парламентке депутаттар партиялық



тізіммен емес, халық таңдауымен сай- ланған кезде ғана заң шығарушы ор- ганның сайлаушылардың алдындағы жауапкершілігі жоғары болады», – де- генді айтты. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерінің айтуынша, «ескі Қазақстанның» заң шығарушы органы жаңармай, Президент айтып жүрген «халық үніне құлақ асатын мемлекет» құру қиын.

Ал ардагер судья Өмірсерік Қожаба- ев газетіміздің өткен нөмірінде жарық көрген өз мақаласында «Парламент

заңдарды қабылдаған кезде Әділет ми- нистрлігінің Заң шығару институтында заң жобаларының 40-45 пайызы ғана қолдау табады. Яғни, заң шығарушы ор- ганның пікірін елемей, Конституцияға қайшы келетін заңдардың туына ықпал етеді» дегенін еске түсірер болсақ, елдегі заң шығару процесіне өзгеріс енгізу қажеттігін еріксіз мойындауға тұра келеді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КЕСЕЛ

СЫБАЙЛАСТЫҚ СЕНІМГЕ
СЕЛКЕУ ТҮСІРЕДІ

Елімізде сыбайлас жемқорлықпен тоқтаусыз күрес жүргізу негізгі ба- сымдықтың бірі саналады. Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – жауапты мемле- кеттік лауазымды атқаратын адамдар- дың, мемлекеттік функцияларды орын- дауға уәкілеттік берілген және оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың лауазымдық өкілеттік- терін және мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

Тамыры тереңге бойлаған жемқор- лық дертгіне XVI ғасырдың ортасында Иван Грозный тыйым салып, кінәлілерді өлім жазасына кесуді бұйырған екен.

Ал, Ботсванада сыбайлас жемқор- лықтың қарқынды өсуін тежеуге шенеу- ніктердің санын қысқартып, жалақы-

сын көтеру, мемлекеттік мекемелердің құрылымын азайту септігін тигізсе, ОАР-да сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету үшін Үкіметті Парламент алдында есеп беруге міндеттеген.

Біздің елімізде де аталған кеселді құрықтап, жемқорлықты тамырымен жою мақсатында маңызды әрі нақты қадамдар жасалып келеді. Оның ішін- де заң үстемдігін орнатып, соттардың сапалы қызмет атқаруы үшін қолға алынған шаралар да бар. Атап айтсақ, кейінгі үш жылда 174 судья жұмыстан шығарылған, лауазымы төмендетілген. Сондай-ақ, қылмыстық процестің үш буынды үлгісі енгізіліп, прокурорлар үш жарым мыңға жуық адамның қыл- мыстық процеске негізсіз тартылуына тосқауыл болған.

Одан бөлек, мемлекетімізде жемқор- лық әрекеті үшін сотталған азаматтарды шартты түрде мерзімінен бұрын бо- сатуға тыйым салынды. Тағы бір айта кетерлігі, сот жүйесін толығымен цифр-

ландырудың нәтижесінде ұзын-сонар кезек жойылып, сотқа жүгінушілерге тоқтаусыз онлайн қызмет көрсетілуде. Бүгінгі таңда тараптар үшін сотқа кел- мей-ақ талап қою, өтініштерін онлайн жолдау, қашықтықтан сот отырыстары- на қатысу қалыпты жағдайға айналды. Мұның барлығы адамдардың бетпе-бет қарым-қатынасын шектеп, «бармақ басты, көз қысты» әрекеттердің алдын алды. Сонымен қатар, соттарда ішкі қауіпсіздік және соттардағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімі жұ- мыс жасайды.

Сыбайлас жемқорлық кез келген дамыған мемлекеттің бәсекеге қа- білеттілігін тежеп, халықаралық бе- деліне нұқсан келтіріп, дамуына тұсау салатыны анық. Оған қоса тұтастай қоғамның билікке деген сеніміне сел- кеу түсіреді. Сондықтан, Мемлекет басшысы жемқорлықпен күреске бүкіл қоғамды жұмылдыру керектігін айтып, «Жемқорлық – індет, онымен күресу – міндет» деген қағиданы жұрт сана- сына орнықтыру барлық мемлекеттік органның ортақ жұмысы екенін, бұған бір реттік науқан ретінде қарамау керек- тігін тапсырғаны белгілі. Шын мәнін- де, сыбайлас жемқорлықпен күреске әрбіріміз еліміздің жарқын болашағы үшін атсалысқанымыз жөн. Әр азамат сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік ор- гандар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шараларына бел- сенді қатысқанда ғана күрес оң нәтиже береді.

Гульфайрус ҚОЙБАҒАРОВА,
Ақтау қалалық сотының судьясы



ПАЙЫМ

ШАҒЫМ БЕРУДІҢ САЛДАРЫ

2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексе әртүр- лі алаңдарда ұзақ және жан-жақты талқылаудан өтіп, жалпы құқықтық мемлекетіміздің одан әрі дамуы үшін үлкен маңызға ие болды. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті қабылдау- дағы негізгі мақсат азаматтар құқығын қорғаудың тиімді тетіктерін енгізу және олардың жұмыс істеуі, сонымен қатар қоғамдық-құқықтық дауларды қарау, сондай-ақ азаматтарға шешімдер қабыл- дауға нақты қатысуға мүмкіндік беретін кепілдіктерді белгілеу.

Осы жаңа заң бойынша, шағым бе- рудің салдарына тоқталып өткен жөн. ӘРПК-ның талаптарына сәйкес,

шағым беру азаматтар мен заңды тұлға- лардың құқықтарын, қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау қажет- тілігінен туындайды. Әкімшілік рәсімге қатысушы әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен әкімшілік актіні қабылдауға байланысты емес әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке (әрекетсіздікке) шағым жасауға құқылы. Егер әкімшілік орган, лауазымды адам осы кодексте белгіленген мерзімдерде әкімшілік актіні қабылдамаса, әкімшілік әрекет жасамаса, онда мерзімдер өткен күн- нен бастап әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік актіні қабылдаудан, әкімшілік әрекет жасаудан бас тартты деп есептеледі. Әкімшілік рәсімге қа- тысушы әкімшілік актіні қабылдауға

байланысты әкімшілік әрекетке (әрекет- сіздікке) шағым жасауға құқылы.

Әкімшілік рәсімдік-процестік ко- декс мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға, мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдау процесінде және жоғары тұрған органда және сотта мемлекеттік органдармен дауларды қарау кезінде азаматтар мен бизнестің құқықтарын қорғау кепілдіктерін бекітуге, сыбай- лас жемқорлық тәуекелдерін және сот жүйесінің жүктемесін азайтуға әкеледі.

Г.МЕКЕМБАЙ,
Түркістан облысының
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

ПӘРМЕН

БОСТАНДЫҚТЫҢ
ҚАДІРІН БІЛ!

Түркістан облысы көлемінде «Пробациялық бақылау» атты профи- лактикалық іс-шара өткізілуде. Осы шара барысында Жетісай аудан- дық пробациялық бақылауда есепте тұрған 2 адам бас бостандығынан айыруға, 1 сотталғанның пробациялық бақылау мерзімін ұзарту жөнінде ұсыныс жолданды. Ал, 5 сотталғанға ескерту жарияланды.

Мұндай пәрменді шаралар пробация қызметінің есебінде тұрған тұлға- лардың жүріс-тұрысын бақылау, олардың тарапынан жасалынған құқық бұзушылықтарды жүргізіліп дер кезінде анықтау және қайта қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаудың алдын алу мақсатында өткізіліп тұрады. Осы орайда Жетісай аудандық пробация қызметкерлері мен аудандық ПБ учаскелік поли- ция қызметкерлері бірлесіп қоғамнан оқшауланбай сотталған азаматтардың тұрғылықты мекен-жайында болып, олармен кездесіп, әңгіме жүргізді. Бұл же- дел профилактикалық іс-шара барысында шартты түрде жазасын өтеушілердің белгілі бір шекарадан шығу-шықпауы, сотты болған тұлғаның хабар бермей, ел ішінде жүруі, сонымен қатар әкімшілік құқықбұзушылық жасауы сынды әрекеттеріне талдау жасалды.

Сондай-ақ, аталған жедел профилактикалық шара аясында Түркістан облы- сы Жетісай аудандық пробация қызметінде есепте тұрған азаматтардың пікірін тындап, әлеуметтік және құқықтық көмек көрсету, қоғамдық ортаға бейімдеп, жұмысқа орналасуына жағдай жасау жоспарланып отыр. Осындай жобаның арқасында қоғамдық тәртіп бір жүйеге келіп, құқықбұзушылықтар барынша азаяды.

– Осындай тексеру жұмыстарының нәтижесінде 5 сотталған азаматтың жаза өтеу ережесін бұзғандығы анықталып, оларға ескерту жарияланып, жергілікті сотқа Қылмыстық кодекстің 44-бабы 3-тармағына сәйкес ұсыныс жолданды. Біздің мақсатымыз, пробация есебінде тұрған сотталғандардың қайта қылмыс жасауына жол бермеу. Сондай-ақ, олардың қоғамға бейімделіп жұмысқа ара- ласуына, кәсіпкерлік бойынша білім алуына мүмкіндік жасаймыз. Аудандық пробация есебінде тұрған азаматтардың біразы жұмысқа орналасқан. Олардың арасында өзінің кәсібін бастағандар да бар, – деді Жетісай аудандық пробация қызметінің бастығы, әділет майоры Ділшат Назаров.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ



БІЛГЕН ЖӨН

ТЕГІН ЗАҢ КӨМЕГІН
КІМДЕР АЛАДЫ?

Заң көмегін алу Қазақстан Конституциясында жарияланған негізгі құқықтардың бірі болып табылады. Құқықты қамтамасыз ету әділ сот талқылауына жол ашып, негізсіз айыптаулар мен үкімдерден, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғай- ды.



Марем АЛБАКОВА,
Ақмола облысы Қылмыстық
істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
бас маманы

адамдар, сондай-ақ басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топтардағы мү- гедектер, жасына байланысты зейнеткер боп табылатын, кәсіпкерлік қызметке байланысты емес даулар бойынша талап қоюшылар мен жауапкерлерді;

4) заңға сәйкес, ақталған адамдарға олардың зиянын өтеу туралы даулар бойынша талап қоюшыларды заң көмегіне ақы төлеуден және өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеуден толық босатуға және ақы төлеуді бюджет қаражаты есебіне жүктеуге міндетті.

Адвокат көрсеткен заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу мөлшерін Үкімет белгілейді. Адвокат көрсеткен заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу тәртібі Әділет министрлігі бекіткен заң көмегіне ақы төлеу қағидаларында белгіленеді.

Жеңілдікке ие азаматтардың ақы төлеуден босату және өз атынан өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу туралы өтінішхатына бюджет қаража- тынан заң көмегін алу құқығын растайтын құжаттар мен басқа да дәлелдемелер қоса тіркелуге тиіс. Сот тұлғаны заң көмегіне ақы төлеуден және оның өкілдік етуіне байланысты шығыстарды өтеуден босату туралы немесе өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарады, ол шағым жасауға, прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарауға жатпайды. Шығарылған ұйғарыммен келіспеу туралы дәлелдер апелляциялық шағымға, прокурордың өтінішхатына енгізілуі мүмкін.

Тұлғаны заң көмегіне ақы төлеуден және өкілдік етуге байланысты шығыс- тарды өтеуден босату туралы соттың ұйғарымы азаматтық істі қарайтын сот ор- наласқан жері бойынша аумақтық адвокаттар алқасына немесе оның құрылым- дық бөлімшесіне дереу жіберіледі, олар сот белгілеген мерзімде адвокаттың сотқа қатысуын қамтамасыз етуге міндетті.

МЕДИАЦИЯ

БІТІМГЕРШІЛІКТІҢ ТАМЫРЫ ТЕРЕНДЕ

Соңғы жылдары елімізде дау шешудің озық жолы – бітімгершілік тәсілдерін жандандыруға айрықша көңіл бөлінуде. Бұл тұрғыда ҚР Жоғарғы Соты тарапынан «Соттағы татуластыру рәсімдері», «Татуласу: сотқа дейін, сотта» сынды, т.б. тың жобалар тәжірибеге енгізілді. Осы бастама аясында еліміздің барлық аумағында Татуласу орталықтары ашылды. Қазақстан соттарында татуластырушы судьялар іске кірісті.

Бұған қоса қолданыстағы Азаматтық процесілік кодекспен судьяға татуласу келісімін бекіту туралы өтінішхатты процесс барысында қарау мүмкіндігі берілді. Тағы бір өзгеріс, бүгінде дауды партиципативтік рәсімде шешуге адвокаттардан бөлек заң палаталарының мүшелері де қатыса алады. Бұрынғы кодексте тараптарды бес күн ішінде татуластыру керек болса, қазіргі күні бұл мерзім он күнге ұзартылды. Мұның бәрі азаматтардың дауды өзара келісіммен бітірулеріне жан-жақты мүмкіндік береді. Татуласу шаралары Азаматтық процесілік кодексте (АПК) көзделгендей, татуласу келісімі, медиация тәртібі, партиципативтік рәсім негізінде жүзеге асырылады. Сотқа жүгінушілер осы қағидалардың өздеріне тиімдісін таңдап, дауды өзара келісіммен аяқтай алады.

Әр рәсімнің өз тәртібі бар. Аталған кодекстің 150-бабының талабына сай, судья алдымен талап қою арызын келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселені шешеді. Дауды болдырмау мақсатында тараптарға татуласудың тиімділігін түсіндіреді. Сондай-ақ, олардың дауды өзара келісіммен бітірулері үшін процесің барлық сатысында көмектеседі. Татуласу келісімі сот шешім шығаруға кетпей тұрып және

сот актісінің орындалуы кезінде жасалады. Бұл үшін тараптар дауды судья немесе медиатордың көмегімен реттеу туралы өтінішхатты мәлімдеулері тиіс.

Татуласу келісімін бекіту туралы өтінішхат сот отырысында қаралып, бекітіледі. Егер тараптар сот отырысына келмесе, сондай-ақ, өтінішхатты өздерінің қатысуынсыз қарау туралы арыз бермесе, татуласу келісімі қаралмайды. Татуласу келісімін жасаудың құқықтық салдары тараптарға өтінішхат бекітілмей тұрып түсіндіріледі. Екі жақ та қолдаған жағдайда татуласу келісімін бекіту туралы ұйғарым шығарылады. Егер татуласу келісімі заңға қайшы болып, басқалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса бекітілмейді.

Татуласу келісімі сот актісін орындау сатысында жасалса, актіні орындайтын аумақтағы немесе оны қабылдаған соттың бекітуіне жіберіледі. Келісім ерікті түрде орындалмаған жағдайда, бір тараптың өтінішхатымен соттың атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындатуға жатады.

Медиативтік келісімге келу арқылы жүйкеге түсер салмақтан арылуға, уақыт жағынан ұтуға және қаржыны үнемдеуге болады. Сонымен бірге татуластыру процесі кезінде екеуара келісім құпиялығы сақталады, еріктілік принципі басшылыққа алынады. Азаматтар медиацияға сотқа дейін де, кейін де қолжеткізе алады. Дау-жанжалды өзара келісіммен бітірген екі жаққа да тиімді. Тараптар тіпті бір күн ішінде мәмілеге келе алады. Даулы мәселелерде бабалар жолы бітімгершілікті ұстанудан ұтпасақ, ұтылмаймыз.

Тимур РАИСОВ,
Алматы қаласы әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының судьясы

ШАРА

ЖАСӨСПІРІМДЕР ҚОЛДАУ КҮТЕДІ

Алматы қаласының ҚАЖД қарасты ЛА-155/6 мекемесі еліміздегі кәмелетке толмаған қылмыскерлер жазасын өтейтін жалғыз оқшаулау орны. Қазіргі уақытта жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, қылмыстың өсуіне жол бермеу мақсатында қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде бұл мекемеде 62 сотталған жазасын өтейді.



Мекемеде халықаралық Нельсон Мандела күні қарсаңында сурет салудан іс-шара ұйымдастырылды. Соған орай жасақ бастықтары Азаптауларға және басқа да қатығез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция туралы дәріс өткізіп, түсіндір-



Еркегүл ЖЕҢІСХАН,
ЛА-155/6 мекемесі

ЖАРНАМА

ӨРТУРА

8. «TengizTransGroup» (ТенгизТрансГрупп) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 170740028910 (Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Н. Назарбаев даңғылы, 187Б үй), өзіне «Алау-транссервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, БСН 010840004062 (Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Н. Назарбаев даңғылы, 187Б үй) қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. «TengizTransGroup» (ТенгизТрансГрупп) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі несиегерлерінің талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Н. Назарбаев даңғылы, 187Б үй.

9. «Алаутранссервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 010840004062 (Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Н. Назарбаев даңғылы, 187Б үй), «TengizTransGroup» (ТенгизТрансГрупп) жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, БСН 170740028910 (Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Н. Назарбаев даңғылы, 187Б үй), қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. «Алаутранссервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі несиегерлерінің талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Н. Назарбаев даңғылы, 187Б үй.

10. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті «Алатау» қысқы спорт түрлері бойынша республикалық жоғары спорт шеберлігі мектебі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бас лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын есепті біліктілік талаптары

1. Орналасқан орнын, пошталық мекенжайы, телефонын көрсете отырып, кәсіпорнының атауы, оның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:

«Алатау» қысқы спорт түрлері бойынша республикалық жоғары спорт шеберлігі мектебі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Алматы облысы, Талғар ауданы, Алатау ауылдық округі, Бөреке ауылы, Алматы көшесі, 180 ғимараты мекенжайында орналасқан, 8 (727) 3055800.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты халықаралық деңгейдегі жоғары білікті спортшыларды, қысқы Олимпиада және Азия ойындарының бағдарламаларына енгізілген қысқы спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларына кандидаттарды даярлау, бұқаралық дене шынықтыру және спорт қозғалысын дамыту үшін спорттық ғимараттар мен жабдықтарды пайдалану, спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының спорттық резерві мен штаттық құрама командаларын жыл бойы орталықтандырылған даярлауды ұйымдастыру және өткізу және дене шынықтыру-спорт ұйымдары мен халыққа қызмет көрсету болып табылады.

2. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптары:

Кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу ор-

нынан кейінгі) білім: «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе бизнес және басқару немесе құқық; мамандығы бойынша, оның ішінде дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы.

3. Лауазымдық міндеттері:

Қабылданатын шешімдердің кейінгі салдарына, ұйымның мүлкін сақтау мен тиімді пайдалануға, сондай-ақ оның қызметінің әкімшілік-шаруашылық нәтижелеріне жауап бере отырып, ұйымның өндірістік, шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды, ұйымның саясатын, стратегиясын және оны іске асырудың тетіктерін айқындайды, оқу-жаттығу және тәрбиелік процестерде спорттық-әдістемелік және материалдық-техникалық базаны ұйымдастырады және жетілдіреді, педогогикалық кеңестің жұмысына басшылық жасайды, ұйымның жұмыс жоспарын, спорттық жетілдірудің әртүрлі кезеңдерінде спортшыларды даярлаудың жоспарларын және бағдарламасын бекітеді.

4. Білуі тиіс:

Қазақстан Республикасы Конституциясын; Қазақстан Республикасы Бюджет кодексін; Қазақстан Республикасы Еңбек кодексін; «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын; Педагогика, психология және физиология негіздерін; Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды.

5. Конкурсақа үміткер тұлға конкурсе өткізу туралы хабардандыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) конкурсақа қатысуға өтініші;
 - 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндемесі;
 - 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
 - 4) білім туралы құжаттардың көшірмесі;
 - 5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтағаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;
 - 6) 075-у нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;
- Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сәттен бастап 15 (он бес) күннің ішінде 2022 жылғы 19 шілдеден 2022 жылғы 2 тамызға дейін жүргізіледі.

6. Конкурсның өткізілетін күні мен орны:

Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, онлайн форматында.

Конкурс қатысушыларына әңгімелесу өткізу күні қосымша хабарланады.

Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимараты, 15-кіреберіс, 314 кабинет мекенжайы бойынша қабылданады.

Толық ақпаратты +7 (7172) 74-02-52, 74-06-55 телефондары бойынша алуға болады.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-ai@gmail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. agdawk_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058417221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Влдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAiROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

